

2009 жылы ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдер жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 29 қаңтардағы N 23/1 қаулысы. Павлодар облысы Качир ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 20 ақпанда N 68 тіркелген. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2010.03.29 N 30/1-31/139 хаты)

Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2010.03.29 N 30/1-31/139 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес, ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдер жөніндегі нұсқаулық бекітілсін (бұдан әрі - **Н ұ с қ а у л ы қ**) .

2. Качир ауданының қаржы бөлімі ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді қаржыландыруды бюджеттік қаржы шегінде қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Г.Е. Біләлеваға жүктелсін.

<i>Аудан әкімі</i>	<i>Б. Бақауов</i>	
К а ч и р	а у д а н ы	ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 9	ж ы л ғ ы	2 9
N	2 3 / 1	қ а у л ы с ы м е н
бекітілген		

2009 жылы ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдер жөніндегі нұсқаулық 1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабының 1-тармағына 17-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 16-бабына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабына сәйкес 2009 жылы ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдер шарттарын
н а қ т ы л а й д ы .

2. Азаматтарға әлеуметтік төлемдерді қаржыландыру аудандық бюджеттен жүргізіледі.

2. Әлеуметтік төлемдерге құқығы бар азаматтардың санаттары

3. Әлеуметтік төлемдер алуға құқығы барлар:

1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары - Жеңіс Күні қ а р с а ң ы н д а ;

2) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына – ай сайын тұрғын үй - коммуналдық қызметке (сумен жабдықтау, жылумен, электрэнергиясымен жабдықтау, қатты отын сатып алу, телефон) және дәрі - дәрмек с а т ы п а л у ғ а ;

3) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері, Ауғанстандағы әскери әрекеттер кезеңінде қатысқан адамдар және Чернобыль атомдық электрстанциясындағы (АЭС) апат зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға т і с т е р і н п р о т е з д е у г е ;

4) ЖҚТБ-мен, қатерлі ісікпен ауыратындар;

5) туберкулезбен ауыратындар;

6) ауданға жұмысқа келген салалы министрліктердің, департаменттердің, ЖОО-ның жолдамасымен жоғары оқу орнын бітірген жас мамандар – ЖОО-ның т ү л е к т е р і ;

7) "ауданның құрметті азаматы" атағына ие тұлғалар;

8) тұрғын үй коммуналдық (сумен жабдықтау, жылумен, электр энергиясымен жабдықтау, қатты отын сатып алу) қызметтерге жалғыздықты және жалғыз тұратын, еңбекке жарамсыз қарт азаматтарға және зейнетақының ең аз мөлшерін (9875 теңге) алатын зейнеткерлерге - тоқсан сайын;

9) Чернобыль АЭС-індегі апат зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға -
Ж е ң і с К ү н і қ а р с а ң ы н д а ;

- 10) Ауған соғысына қатысқан азаматтар - Жеңіс Күні қарсаңында;
- 11) ауылдық жерде тұратын Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері, Чернобыль АЭС-індегі апат зардабын жоюға қатысқан және Ауған соғысына қатысқандарға тоқсан сайын бір рет облыстың қалалары мен аудандарына бару және келу жолақысы;
- 12) облыс әкімі грантының иегерлері аз қамтамасыз етілген отбасылардың студенттері және жетім – студенттердің жоғары оқу орнындағы оқуын төлеуге;
- 13) облыс әкімі грантының иегерлері, аз қамтамасыз етілген отбасылардың студенттері және жетім – студенттерді жоғары оқу орнында оқыту үшін стипендиясын төлеуге;
- 14) I-топтағы жалғыздікті мүгедектерге - отынға;
- 15) гемофилия, лейкемиямен ауыратындар;
- 16) 1988 - 1989 жылдары (26 – сәуір) Чернобыль АЭС апат зардабын жоюға қатысқандар;
- 17) Ауғанстандағы соғыс әрекеттеріне қатысқандар, әскерлерді шығару Күніне қарсы (18 - ақпан);
- 18) Чернобыль апаты зардабын жоюға қатысқандар, Ауғанстандағы әскери әрекеттерге қатысқандарға тоқсан сайын емделуге;
- 19) ауданға жолдамамен жұмысқа келген, маман - дәрігерлерге көтерме ақы;
- 20) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің қайта тұрмыс құрмаған жесірлеріне - Жеңіс Күні қарсаңында;
- 21) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің қайта тұрмыс құрмаған жесірлеріне, тұрғын үй-коммуналдық қызметіне (ай сайын);
- 22) Чернобыль апаты зардабын жоюға қатысқандар, Ауғанстандағы соғыс әрекеттеріне қатысқандарға қалпына келтіру жұмысына қатысқандар, тұрғын үй коммуналдық қызметіне (ай сайын);
- 23) мүмкіндігі шектеулі балаларға, балаларды қорғау Күні қарсаңында (1 маусым);
- 24) жетім-балалар, балаларды қорғау Күні қарсаңында;
- 25) 18-жасқа дейінгі мүгедек–балалар, ми салымен ауыратын балаларға;
- 26) 18-жасқа дейінгі мүгедек–балалар, ми салымен ауыратын балаларға (тоқсан сайын емделуге);
- 27) жалғыздікті I-топтағы мүгедектерге тұрғын үйі үшін от жағу қазанын сатып алуға және қоюға;
- 28) аз қамтамасыз етілген отбасылар жеке қосалқы шаруашылығын дамытуға;
- 29) бас бостандығынан айыру мекемелерінен босаған адамдар;
- 30) жұмыспен қамту бөлімінде тіркеуде тұрған аз қамтамасыз етілген отбасыларға - жерлеуге;
- 31) жүктілігі бойынша уақытында есепке тұрған, УДЗ мен скринингтен өткен

және дәрігердің барлық нұсқауларын орындайтын жүкті әйелдер;

32) гемофилия диагнозы бар, мүгедек бала;

33) мүгедек-балаларға Қазақстан Республикасы аумағында медициналық мекемелерге екі жаққа барып қайту жолы және тұруына;

34) диспансерлік есепте тұрған, толық емдеу курсынан өткен туберкулезбен ауыратындар;

35) студент, жоғары оқу орны және аудан әкімі арасында үш жақты келісім шартын жасаған медициналық жоғары оқу орындарының 6 курсына оқитын студенттері;

36) Ұлы Отан соғысының қатысушылары;

37) "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ-нің есебінде тұрған, кадрларды кәсібі даярлау және қайта даярлауға жіберілген жұмыссыз азаматтар;

38) аз қамтамасыз етілген, көп балалы отбасылар балабақшада және мини-орталықтағы балалар үшін ата-аналар төлемдері бойынша шығындарды өтеуге;

39) Ұлы Отан соғысына қатысушылар жылу қазандығын сатып алуға және орнатуға;

40) 1 жасқа дейінгі жасанды қоректендірілетін балалары бар аз қамтамасыз етілген отбасылар балалар тамағына;

41) Ұлы Отан соғысына қатысушылар газетке жазылуға;

42) маргиналды топтағы тұлғалар құжаттандырылуға

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2009.06.22 N 189/5; 2009.12.22 N 358/11 қаулыларымен.

3. Әлеуметтік төлем және басқа да әлеуметтік көмек түрлерін тағайындау тәртібі

4. Әлеуметтік төлем және басқа да әлеуметтік көмек түрлерін алуға құқылы адамдар үшін тағайындалады:

1) 4), 5), 6), 7), 8), 12), 13), 14), 15), 19), 23), 24), 25), 26), 27), 28), 29), 30), 31), 32), 33), 34), 35), 37), 38), 40), 42) - тармақшаларда көрсетілген санаттағылар үшін - "Жергілікті өкілетті органдар шешімі бойынша жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтардың әлеуметтік төлемдері" 451.007.000 бюджеттік бағдарламасы негізінде;

2) 1), 2), 3), 9), 10), 11), 16), 17), 18), 20), 21), 22), 36), 39), 41) -тармақшаларда көрсетілген санаттағылар үшін - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері,

соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20 бабына сәйкес және "Жергілікті өкілетті органдар шешімі бойынша жекелеген санаттағы мұқтажды азаматтардың әлеуметтік төлемдері" 451.007.000 бюджеттік бағдарламасы негізінде.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2009.06.22 N 189/5; 2009.12.22 N 358/11 қаулыларымен.

4. Әлеуметтік төлемдердің түрлері және мөлшері

5. Нұсқаулықтың 2-тарауының 3-тармағында көрсетілген азаматтардың санаттарына әлеуметтік төлемдер мына түрлері және мөлшері бойынша:

1) 1), 9), 10), 16), 17), 23), 24)-тармақшаларда көрсетілген санаттағылар үшін – 10 000 теңге мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек;

2) 2)-тармақшада 4000 теңге мөлшерінде ай сайынғы материалдық көмек және дәрі-дәрмекті сатып алуға 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) 3)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін тіс салдыру қызметінің нақты бағасы бойынша бір жолғы материалдық көмек;

4) 4), 14), 34)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін - 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек;

5) 5)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін - 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 6 ай бойы бір жолғы материалдық көмек;

6) 6)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін - 80 000 теңге мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек;

7) 7)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін - коммуналдық шығынға 15000 теңге мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек;

8) 8)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін - тоқсан сайын 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек;

9) 11), 33)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін - қолданған билеттер бағасы ;

10) 12)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін - студенттерге сәйкесті оқу орнындағы оқудың нақты құны есебімен 2008-2009 оқу жылдарына әлеуметтік көмек төленеді ;

11) 13)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін - оқу барысы мезгілінде 7000 теңге мөлшерінде ай сайынғы материалдық көмек;

12) 15), 25), 30)-тармақшаларда көрсетілген санаттағылар үшін - 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек;

13) 18)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін - 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек;

14) 19)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін - 80000 теңге мөлшерінде (колледж бітірген медицина қызметкерлеріне), 250000 теңге (АОА дәрігерлері) және 500000 теңге (ауылдық округтерге жолданған дәрігерлер) бір жолғы материалдық көмек;

15) 20), 29)-тармақшаларында көрсетілген санаттағылар үшін - 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек және 26), 32)-тармақшадағыларға - 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тоқсан сайын;

16) 21), 22)-тармақшаларда көрсетілген санаттағылар үшін - 2000 теңге мөлшерінде ай сайынғы материалдық көмек.

17) 27)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін - орындалған жұмыстар актісіне сәйкес, бірақ 45000 теңгеден аспау;

18) 28)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін - 90000 теңге мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек;

19) 31)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін 12730 теңге мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек;

20) 35)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін – 2008-2009 оқу жылының екінші жартыжылдығы бойынша тиісті оқу орындағы нақты оқу құны есебімен жүргізілетін медициналық жоғары оқу орындары студенттеріне интерн келісім шарттарына сәйкес әлеуметтік көмек;

21) 36)-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін – "Качир ауданының құрылыс бөлімі" ММ-мен жасалынған сметаға сәйкес, үйді жөндеуге немесе су құбырын өткізуге арналған бір жолғы материалдық көмек;

22) 37)-тармақшасында көрсетілген санаттағылар үшін - кәсіптік дайындау және қайта дайындауды өту кезеңінде 5 айлық есеп көрсеткіші мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек;

23) 38)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін 2400 теңгеден 3800 теңгеге дейінгі мөлшерде 1 балаға ай-сайынғы материалдық көмек";

24) 39)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін 75000 теңге мөлшерінде жылу қазандығын сатып алуға және орнатуға бір жолғы материалдық көмек;

25) 40)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін 4470 теңгеден 5960 теңгеге дейінгі мөлшерде ай-сайынғы материалдық көмек;

26) 41)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін 2010 жылға арналған " Сарыарқа самалы", "Звезда Прииртышья" және "Заря" газеттеріне нақты жазылым бағасы бойынша бір жолғы материалдық көмек;

27) 42)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін 1000 теңгеге дейінгі мөлшерде бір жолғы материалдық көмек.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2009.06.22 N 189/5; 2009.12.22 N 358/11 қаулыларымен.

5. Есеп және есеп беру

6. Әлеуметтік төлемнің қаражат шығыны есебін аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жүзеге асырады.

7. Әлеуметтік төлем төлеу мәселесі шешілетін алғашқы құжаттар (тексеру акті, хаттама, анықтамалар және т.б. құжаттар) ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде 3 жыл бойы сақталады.

8. Ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бухгалтериясы әлеуметтік төлемге берілген қаржының жұмсалуды туралы ауданның қаржы бөлімі алдында есеп береді.

6. Әлеуметтік төлемдер алуға өтініш беруші ұсынатын қажетті құжаттар тізілімі

9. Нұсқаулықтың 2-тарауының 3-тармағында көрсетілген жекелеген азаматтар санаттарына әлеуметтік төлемдерді іске асыру үшін мынадай құжаттар қажет:

1) 1), 9), 10), 16), 17), 20)-тармақшаларда көрсетілген санаттағылар үшін Качир ауданы бойынша зейнетақы және жәрдемақы тағайындау және төлеу жөніндегі Мемлекеттік орталығының аудандық филиалы бөлімшесінің және жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің салыстырылған тізімдеріне сәйкес есеп шоты көрсетілген өтініш, (немесе жинақ кітапшасының көшірмесі) жеке басы куәлігінің көшірмесі, ҰОС-на қатысушы куәлігінің көшірмесі, Ауған соғысына қатысушы және Чернобыль апаты зардабын жоюға қатысушы куәлігінің көшірмесі, СТН, азаматтарды тіркеу кітабы;

2) 2), 14), 21), 22)-тармақшаларда көрсетілген санаттағылар үшін дербес есеп шоты көрсетілген әлеуметтік төлемге құқылы адамның өтініші, СТН, жеке басы куәлігінің көшірмесі және алушы статусын растайтын құжат көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;

3) 3)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін дербес есеп шоты көрсетілген әлеуметтік төлемге құқылы адамның өтініші, СТН, жеке басы куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабы, медициналық мекемеден шығынын растайтын анықтама;

4) 4), 5), 15), 18), 31), 32), 34)-тармақшаларда көрсетілген санаттағылар үшін дербес есеп шоты көрсетілген әлеуметтік төлемге құқылы адамның өтініші, СТН, жеке басы куәлігінің көшірмесі, медициналық мекемеден анықтама, азаматтарды тіркеу кітабы;

5) 6), 19)-тармақшаларында көрсетілген санаттағылар үшін дербес есеп шоты (жинақ кітапшасының көшірмесі) көрсетілген әлеуметтік төлемге құқылы

адамның өтініші, СТН, жеке басы куәлігінің көшірмесі, салалы министрліктерден , департаменттерден, ЖОО-нан жолдама, азаматтарды тіркеу кітабы, кәсіпорыннан маманды жұмысқа алғандығы туралы бұйрық үзіндісі, жеке еңбек ш а р т ы ;

б) 7)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін дербес есеп шоты (жинақ кітапшасының көшірмесі) көрсетілген әлеуметтік төлемге құқылы адамның өтініші, СТН, жеке басы куәлігінің көшірмесі, "Құрметті азамат" атағын растайтын құжат(немесе аудандық мәслихаттың расталған тізімі), азаматтарды т і р к е у к і т а б ы ;

7) 8)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін дербес есеп шоты көрсетілген әлеуметтік төлемге құқылы адамның өтініші, СТН, жеке басы куәлігінің көшірмесі, материалдық-тұрмыс күнкөріс жағдайын тексеру актісі, азаматтарды тіркеу кітабы, зейнеткер куәлігінің көшірмесі (ең аз мөлшердегі зейнетақы алатын зейнеткерлер үшін немесе МЗТО тізіміне сәйкес);

8) 11), 33)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін дербес есеп шоты көрсетілген әлеуметтік төлемге құқылы адамның өтініші, СТР, жеке басы куәлігінің көшірмесі және алушы статусын растайтын құжат көшірмесі, қолданылған билет немесе жүрген жолы құнын растайтын құжат, тұру үшін түбіртек, азаматтарды тіркеу кітабы;

9) 12), 13), 35)-тармақшаларда көрсетілген санаттағылар үшін дербес есеп шоты(жинақ кітапшасының көшірмесі) көрсетілген әлеуметтік төлемге құқылы адамның өтініші, СТН, жеке басы куәлігінің көшірмесі, студенттің жоғары оқу орнымен оқуға жасаған шартының көшірмесі, интерн келісім шарттының к ө ш і р м е с і .

10) 23)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін - Качир психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінің салыстырылған тізімдеріне сәйкес дербес есеп шоты (не жинақ кітапшасының көшірмесі) көрсетілген ата-анасының бірінің (қамқоршының) өтініші, СТН, жеке басы куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабы;

11) 24)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін Качир ауданының білім бөлімімен салыстырылған тізіміне сәйкес дербес есеп шоты көрсетілген қамқоршының немесе баланың мүддесін көрсететін тұлғаның өтініші, СТН, жеке басы куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабы;

12) 25), 26)-тармақшаларында көрсетілген санаттағылар үшін мүгедек баланың ата-анасының біреуінің дербес есеп шоты көрсетілген өтініші, СТН, жеке басы куәлігінің көшірмесі, мүгедек статусын растайтын құжат, азаматтарды т і р к е у к і т а б ы ;

13) 27)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін дербес есеп шоты (жинақ кітапшасының көшірмесі) көрсетілген әлеуметтік төлемге құқылы адамның

өтініші, СТН, жеке басы куәлігінің көшірмесі, тұрғын үй тұрмыстық жағдайын тексеру актісі, орындалған жұмыс актісі;

бюджеттік қаражаттарды игеру жөнінде уәкілетті органдарға тізім ұсынады:

14) 28)-тармақшада көрсетілген осы әлеуметтік төлемге құқығы бар санаттағы тұлғаның дербес есеп шоты көрсетілген өтініші, (жинақ кітапшасының көшірмесі), СТН, жеке басы куәлігінің көшірмесі, ауылдық округі әкімінің қолдаухаты, тұрғын-үй жағдайын тексеру актісі;

15) 29)-тармақшада көрсетілген осы әлеуметтік төлемге құқығы бар санаттағы тұлғаның дербес есеп шоты көрсетілген өтініші, СТН куәлігінің, жеке басы куәлігінің көшірмесі, бас бостандығынан айыру мекемесінен босатылғандығы туралы анықтама;

16) 30)-тармақшада көрсетілген осы әлеуметтік төлемге құқығы бар санаттағы тұлғаның дербес есеп шоты көрсетілген өтініші, СТН, жеке басы куәлігінің көшірмесі, жұмыссыз статусын растайтын анықтама, қайтыс болғандығы туралы куәлік, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;

17) 37)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін – дербес есеп шотының нөмірі көрсетілген осы әлеуметтік төлемге құқығы бар адамның өтініш СТН, жеке басы куәлігінің көшірмелері, жұмыссыз мәртебесін растайтын анықтама, о қ у ы н р а с т а й т ы н к ұ ж а т ;

18) 36)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін – дербес есеп шотының нөмірі көрсетілген әлеуметтік төлемге құқығы бар адамның өтініші, СТН, жеке басы куәлігінің көшірмелері, Ұлы Отан соғысына қатысушының куәлігі, үй жөндеуге немесе су құбырын өткізуге "Качир ауданының құрылыс бөлімі" ММ-мен құрастырылған смета;

19) 38)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін – дербес есеп шоты көрсетілген осы әлеуметтік төлемге құқығы бар адамның өтініші, СТН, жеке басы куәлігі, азаматтарды тіркеу кітабы, баланың туу туралы куәлігінің көшірмелері, тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі, ауылдық округ әкімінің және (немесе) мектеп директоры, балабақша меңгерушісінің қолдаухаты ;

20) 39)- тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін – дербес есеп шоты көрсетілген әлеуметтік төлемге құқығы бар адамның өтініші, СТН, жеке басы куәлігі, ҰОС-на қатысқан куәлігінің көшірмелері, "Тереңкөл ауылдық әкімі аппараты" ММ-нің шығындар сметасы";

21) 40)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін-дербес есеп шоты көрсетілген әлеуметтік төлемге құқығы бар адамның өтініші, СТН, жеке басы куәлігі, азаматтарды тіркеу кітабы, баланың туу туралы куәлігінің көшірмелері, орталық аудандық аурухана тізімі;

22) 41)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін - МЗТО бөлімшесімен

салыстырылған тізімге сәйкес;

23) 42)-тармақшада көрсетілген санаттағылар үшін – құжаттануд қажет ететін тұлғалар тізімі қоса берілген ауылдық округ әкімінің қолдаухаты.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2009.06.22 N 189/5; 2009.12.22 N 358/11 қаулыларымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК